



«Александр Селезнев атындағы Алматы хореографиялық  
училищесі» РМҚК

СМС 4  
денгейлі  
күжат

Оқуға қабылдау туралы қағида

КП.  
АХУ – 2-2018

Қабылданды  
Педагогикалық кеңес  
А. Селезнев атындағы АХУ  
Хаттама № 6  
«21» маусым 2024ж.

Бекітемін  
А. Селезнев атындағы АХУ  
директорының м.а.

Түкеев М.О.

Бұйрық №

2024ж



Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат минстрлігі  
«А. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі»  
Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына  
2024-2025 оқу жылына арналған  
Оқуға қабылдау туралы ережесі

Алматы 2024 ж

	<p>«Александр Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі» РМҚҚ</p>	<p>СМС 4 денгейлі құжат</p>
	<p>Оқуға қабылдау ережесі</p>	<p>КП. АХУ – 2-2018</p>

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Оқуға қабылдау ережелері Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі «А.Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі» РМҚҚ 02150700 «Хореография өнері» мамандығы бойынша оқуға қабылдау үшін 4S02150701 «Балет әртісі», 4S02150702 «Би ансамблінің әртісі» біліктіліктерін бере отырып, азаматтарды іріктеу тәртібін регламенттейді.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «А. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесіне» қабылдау ережесі туралы (бұдан әрі – «Қабылдау ережесі»):

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңымен;

- «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің кәсіптік білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға түсү кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 қаулысымен;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен;

- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 16.02.2016 жылғы №175 бұйрығымен бекітілген «А. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі» РМҚҚ (бұдан әрі - Училище) Жарғысымен.

3. Училищеге бастауыш («Хореография өнері» мамандығы бойынша кадрлар даярлау үшін, біліктілігі – «Балет әртісі»), негізгі орта білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар білім туралы құжатымен қабылданады.

Шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар олардың мәртебесін анықтайтын, түрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы белгісі бар құжатты ұсынады.

Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар оқуға үкіметаралық келісімдерге сәйкес не ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттар бойынша қабылданады.

4. Училищеге оқуға түсү кезінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 26-бабының 8-тармағында көрсетілген тұлғалар қабылдау квотасы көзделеді.

Қабылдау квотасының мөлшері «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға түсү кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту



туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 қаулысымен (бұдан әрі – № 264 қаулы) бекітілген.

**2. 02150700 «Хореография өнері» мамандығының білім беру  
бағдарламалары бойынша училищеге оқуға қабылдау тәртібі**

**Құжаттарды қабылдауды ұйымдастыру  
түсі емтихандарын өткізу  
Қабылдау комиссиясы**

5. Училищеде оқуға өтініштерді қабылдау, білім алушылар құрамына қабылдау үшін 10 маусымнан кешіктірмей директордың бұйрығымен қабылдау комиссиясы құрылады, ол оның мүшелерінің тақ санынан тұрады. Қабылдау комиссиясының құрамына Қамқоршылық кеңестің (ол болмаған жағдайда – жұмыс берушілердің өкілдері), қоғамдық ұйымдар мен білім беру ұйымдарының, училищенің өкілдері кіреді.

Комиссия мүшелерінің ішінен жауапты хатшы және техникалық хатшылар тағайындалады.

Қабылдау комиссиясының төрағасы директор немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады.

Қабылдау комиссиясы мен техникалық хатшылардың жұмысын ұйымдастыруды жауапты хатшы жүзеге асырады, ол сондай-ақ азаматтарды қабылдауды жүргізеді, қабылдау мәселесі бойынша азаматтардың жазбаша сұраптарына жауаптар береді, қабылдау комиссиясының акпараттық материалдарын жариялауға дайындейді, емтихан алды консультациялар мен арнайы және шығармашылық емтихандарды дайындауды және өткізуі ұйымдастырады, емтихан және жазбаша жұмыстарды шифрлауды және шифрлауды жүргізеді.

Жауапты және техникалық хатшылар келіп түскен барлық өтініштер мен құжаттарды қабылдауды, ресімдеуді және сақтауды жүзеге асырады.

6. Оқуға түсушілер ұсынатын құжаттардың дұрыстығын растау мақсатында қабылдау комиссиясы тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жүгінуге құқылы.

7. Қабылдау комиссиясы қарастырып, білім алушылардың тізіміне қабылдау туралы шешім шығарады.

8. Конкурсты өткізу кезінде қабылдау комиссиясы азаматтардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген білім беру саласындағы құқықтарының сақталуын, қабылдау комиссиясы жұмысының жариялышы мен ашықтығын, оқуға түсушілердің қабілеті мен бейімділігін бағалаудың объективтілігін қамтамасыз етеді.

9. Қабылдау комиссиясының шешімдері, егер олардың отырыстарына оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі және



қатысушылар санының көпшілік даусымен қабылданады. Қабылдау комиссиясы мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Хатшы қабылдау және /немесе емтихан комиссиясының мүшесі болып табылмайды.

Қабылдау комиссиясының қорытынды отырысында аудио-немесе бейнежазба жүргізіледі. Аудио немесе бейнежазба Училищенің мұрагатында кемінде бір жыл сақталады.

10. Қабылдау комиссиясының жұмысы хаттамамен ресімделеді, оған қабылдау комиссиясының мүшелері мен жауапты хатшысы қол қояды.

11. Караптин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде қабылдау комиссиясының жұмысын ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып Училищеде жүргізеді.

12. Орта буын мамандарын даярлауды көздейтін 02150700 «Хореография өнері» мамандығының 4S02150701 «Балет әртісі», 4S02150702 «Би ансамблінің әртісі» біліктіліктерінің білім беру бағдарламалары бойынша Училищеге оқуға қабылдау тұлғалардың өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

13. Өтініштерді қабылдау, шығармашылық емтихандарды, конкурсты өткізу және тұлғаларды бастауыш, негізгі орта білім базасында ақылы негізде оқуға қабылдауды Училище осы Қағидалардың талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

### **Оқуға тұсушілерді ақпараттандыруды ұйымдастыру**

14. Қабылдау ережелері туралы ақпарат, сондай-ақ өтініштерді қабылдауды ұйымдастыру жөніндегі шешімдер, тұсу емтихандарын өткізу жөніндегі кестелер, оқуға қабылдау нәтижелері оқуға тұсушілерге уақтылы жеткізілуі тиіс.

Тұсу емтиханының нысаны мен өткізу тәртібін (күні, уақыты, өткізу орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және өтініш қабылдау кезінде оқуға тұсушілердің назарына жеткізіледі.

15. Оқуға тұсушіні және оның ата-анасын (занды өкілдерін) таныстыру мақсатында Училище ресми сайтқа орналастырады <http://seleznev.edu.kz>: Жарғы, білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензия, іске асырылатын білім беру бағдарламалары туралы ақпарат және білім беру процесін ұйымдастыруды және қабылдау науқанының жұмысын регламенттейтін басқа да құжаттар қабылдау науқанының ақпараттық стендінде құжаттарды қабылдау басталғанға дейін мынадай ақпаратты орналастырады:

- 2024-2025 оқу жылына арналған Училищеге қабылдау ережелері;
- «А. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі» РМҚҚ қабылдау ережесі;



- Училище білім беру қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияға сәйкес қабылдауды жариялайтын біліктіліктер тізбесі;
- Оқуға түсү үшін қажетті білім денгейіне қойылатын талаптар;
- Түсү емтихандарының тізімі;
- Түсү емтихандарын өткізу нысандары туралы ақпарат;
- Түсү емтихандарының нәтижелері бойынша апелляция беру және қарау ережелері;
- Оқу шартының үлгісі;
- Интернатта (жатақханада) тұру шартының үлгісі және т. б.

16. Қабылдау науқаны кезінде Училище азаматтарды училищеге қабылдауға байланысты өтініштерге жауап беру үшін телефон нөмірлері мен сайт бөлімінің мекен-жайын ұйымдастырады.

### **Құжаттарды қабылдау тәртібі**

17. 4S02150701 «Балет әртісі» білім беру бағдарламасы бойынша бастауыш білім беру базасында конкурстық негізде 9-11 жас аралығындағы тұлғалар қабылданады. Оқыту түрі-күндізгі. Оқу мерзімі - 7 жыл 10 ай.

18. 4S02150702 «Би ансамблінің әртісі» білім беру бағдарламасы бойынша негізгі орта білім беру және бастауыш хореографиялық білім негізінде 14-16 жастағы тұлғалар конкурстық негізде қабылданады. Оқыту түрі-күндізгі. Оқу мерзімі - 2 жыл 10 ай.

19. 02150700 «Хореография өнері» мамандығының білім беру бағдарламалары бойынша тұлғалардың оқуға өтініштерін қабылдау 25 маусым мен 20 шілде аралығында жүзеге асырылады.

20. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы училищеге (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) не «Электрондық үкіметтің» веб-порталына (бұдан әрі – Портал) жүргінеді және осы Қағидаларға 1 – қосымшаға сәйкес «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі-Стандарт) сәйкес құжаттар топтамасын ұсынады. Училищенің құжаттарды алу фактісі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес қолхат болып табылады.

Карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде Қабылдау комиссиясы құжаттарды пошта, [talapker@seleznev.edu.kz](mailto:talapker@seleznev.edu.kz), электрондық пошта арқылы қабылдайды.

21. Оқуға түсү үшін құжаттарды кәмелетке толған тұлға жеке өзі, кәмелетке толмағандар – занды өкілінің қатысуымен ұсынады.

22. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі стандартта келтірілген.

	<b>«Александр Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі» РМҚК</b>	<b>СМС 4 денгейлі құжат</b>  <b>Оқуға қабылдау ережесі</b>  <b>КП. АХУ – 2-2018</b>
--	---------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------

23. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкери құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасының қабылданғаны туралы қолхат беруді өтініш келіп түскен күні жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, құжаттарды қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға З-қосымшаға сәйкес қолхат береді.

Училищеге қабылдау туралы өтініште (4-қосымша) мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- баланың тегі, аты және әкесінің аты( соңғысы - бар болса), оның туған күні мен жері;
- ата-анасының (занды өкілдерінің) тегі, аты және әкесінің аты (соңғысы болған жағдайда);
- ата-аналардың (занды өкілдердің) жеке басын куәландыратын құжаттардың деректемелері, қашан және кім берді;
- баланың және оның ата-анасының (занды өкілдерінің)азаматтығы туралы мәліметтер;
- баланың ата-анасының (занды өкілдерінің) телефон нөмірлері;
- баланың тұрғылықты және нақты тұратын жерінің мекенжайы;
- оқу шарттарын көрсете отырып, училищеге қабылдау туралы өтініш берілетін мамандық пен біліктілік;
- интернатта (жатақханада) орын беруге мұқтаждық.

24. «Балет әртісі» біліктілігі бойынша оқуға қабылдау туралы өтінішке оқуға түсушілер:

- баланың жалпы білім беретін мекемеде окуы туралы анықтама (баланың тегін, атын және әкесінің атын (соңғысы-бар болса), құжаттарды тапсыру сәтінде бала оқитын жалпы білім беретін мекеменің атауы мен мекенжайын, өзі оқитын сыныбын көрсете отырып);
  - белгіленген үлгідегі үлгерім табелі (1, 2, 3, 4 сыныптар) (оку орнында расталған көшірмесі);
  - түу туралы куәліктің көшірмесі (нотариалды куәландырылған);
  - 3x4 көлеміндегі 4 фотосурет;
  - денсаулық паспорты № 026-у нысаны (көшірмесі);
  - №63 нысандағы егу картасы (көшірмесі);
  - медициналық карта (№075-У нысаны),
  - ЭКГ және жүрек УДЗ, АІЖ УДЗ (оның ішінде бүйрек);
  - ата-анасының жеке куәліктерінің көшірмелері;
  - ата-аналардың флюорографиясы;
  - фото және бейнетүсірілімге келісім (5-қосымша);
  - дербес деректерді өндеуге келісім (6-қосымша).
- Қосымша қабылдау комиссиясы сұратуы мүмкін:

	<p>«Александр Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі» РМҚҚ</p>	<p>СМС 4 денгейлі күжат</p>
	<p>Оқуға қабылдау ережесі</p>	<p>КП. АХУ – 2-2018</p>

- отбасы құрамы туралы анықтама;
- ата-анасының жұмыс орнынан анықтама.

25. «Би ансамблінің әртісі» біліктілігі бойынша оқуға қабылдау туралы өтінішке оқуға түсушілер:

- негізгі орта білім туралы құжаттың түпнұсқасы,
- 15 (он бес) жасқа толған тұлғалар үшін флюросуреті қоса берілген №075-

У нысанындағы медициналық анықтама;

- №63 нысандағы егу картасы (көшірмесі);
- ЭКГ және жүректің УДЗ, АІЖ (оның ішінде бүйрек);
- 3x4 көлеміндегі 4 фотосурет;
- фото және бейнетүсірілімге келісім (5-қосымша);
- дербес деректерді өндөуге келісім (6-қосымша);
- оқуға түсушінің жеке басын қуәландыратын құжаттар: жеке куәлік, паспорт немесе туу туралы куәлік (нотариалды қуәландырылған) жеке, ата-аналары немесе заңды өкілдері ұсынады.

26. Құжаттар Портал арқылы берілген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

27. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкери өтініш келіп түскен күні оны тіркеуді жүзеге асырады және жауапты хатшыға орындауға жібереді. Өтініш жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері келіп түскен жағдайда өтініш келесі жұмыс күнінде тіркеледі.

28. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты хатшысы өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды қағаз жеткізгіште немесе құжаттар портал арқылы берілген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қуәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» осы Ережелердің З-қосымшасына сәйкес жібереді.

29. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты хатшысы көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама жібереді.

30. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мәліметтерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізууді қамтамасыз етеді.



31. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсетеу мәселелері жөніндегі шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші директорының атына, мемлекеттік қызметтер көрсетеу сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсетеу сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызмет алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

32. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижелерімен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

33. Оқуға түсушілерден түскен өтініштер үлгідегі ұйымның тіркеу журналдарына тіркеледі.

34. Қабылдау Ережелеріне сәйкес жеңілдікпен қабылдану құқығын пайдаланатын тұлғалар негізгі құжаттар пакетін тапсырған кезде растайтын құжаттарды ұсынады.

35. Оқуға түсушінің бұрын шетелдік білім беру ұйымында оқыту кезінде 4S02150701 «Балет әртісі» біліктілігіне түсуші шетелдік тұлғалар мен азаматтығы жоқ тұлғаларға мемлекеттік немесе орыс тіліне аудармасы бар мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

- құжат иесінің жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі;

- нотариалды куәландырылған үлгерім табельдері (1, 2, 3, 4 сыныптар);

- өткен оқу пәндерінің сағат көлемі туралы анықтама;

- оқу орнын аккредиттеу туралы лицензияның немесе куәліктің көшірмесі.

4S02150702 «Би ансамблінің әртісі» біліктілігіне оқуға түсуші бұрын шетелдік білім беру ұйымында оқыған кезде шетелдік тұлғалар мен азаматтығы жоқ тұлғалар мемлекеттік немесе орыс тіліне аударылған мынадай құжаттарды ұсынуы қажет:

- құжат иесінің жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі;

- «Білім туралы құжаттарды тану қағидаларын, сондай-ақ білімі туралы құжаттары Қазақстан Республикасының аумағында танылатын шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 19 шілдедегі № 352 бүйрігіна сәйкес білім туралы құжатты тану туралы куәлік.

	<b>«Александр Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі» РМҚК</b>	<b>СМС 4 денгейлі құжат</b>
	<b>Оқуға қабылдау ережесі</b>	<b>КП. АХУ – 2-2018</b>

Шетелдік адамдар және азаматтығы жоқ тұлғалар мәртебесін айқындайтын, тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы белгісі бар құжаттың түпнұсқасын қоса береді:

- шетелдік-шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат;
- азаматтығы жоқ тұлға-азаматтығы жоқ тұлғаның қуәлігі;
- босқын-босқын қуәлігі;
- пана іздеуші тұлға-пана іздеуші тұлғаның қуәлігі;
- қандас-қандас қуәлігі.

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандығы № 578 бұйрығының 5-қосымшасында көрсетілген білім туралы құжатта міндетті және бейінді пәндер болмаған жағдайда, басқа елдің білім туралы құжаты бар адамдар үшін міндетті және бейіндік пәндер тізбесін Училищенің қабылдау комиссиясы белгілейді.

36. Әрбір түсушіге жеке іс ашылады, онда барлық тапсырылған құжаттар сақталады.

37. Оқуға қабылданғанға дейін жазбаша өтініш бойынша оқуға түсушілер білім туралы құжаттың түпнұсқасын және оқуға түсушіге ұсынылған басқа да құжаттарды алуға құқылы.

38. Училищенің құжаттарды қайтаруы өтініш берілгеннен кейін келесі жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

### **Түсу емтихандарын үйымдастыру және өткізу**

39. Шығармашылық емтихандарды өткізу үшін Училищеде күнтізбелік жылдың 20 маусымынан кешіктірмей емтихан комиссиясы құрылады. Емтихан комиссиясының құрамына Училищенің, әлеуметтік әріптердердің, қоғамдық үйымдардың өкілдері кіреді. Емтихан комиссиясының тәрағасы емтихан комиссиясы мүшелерінің көпшілік дауысымен сайланады. Емтихан комиссиясының құрамы директордың бұйрығымен бекітіледі.

40. Емтихан комиссияларының шешімдері, егер олардың отырыстарына оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі және қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданады. Емтихан комиссиясы мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда Комиссия тәрағасының дауысы шешуші болып табылады. Хатшы емтихан комиссиясының мүшесі болып табылмайды.

Емтихан комиссиясының қорытынды отырысында аудио - немесе бейнеказба жүргізіледі. Аудио-немесе бейнеказба Училищенің мұрағатында кемінде бір жыл сақталады.



41. Карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайларында емтихан комиссиясының жұмысын Училище ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүргізеді.

42. Училищеге мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға түсетін тұлғалар шығармашылық емтихандар тапсырады. Шығармашылық емтихандарды өткізуге арналған тақырыптарды училище үйымы дербес белгілейді (7-қосымша).

43. «Хореография өнері» мамандығына оқуға түсуші тұлғалар күштейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, Училищеде қосымша медициналық комиссиядан өтеді. Медициналық комиссия тиісті лицензиясы бар тар бейінді мамандардан құрылады. Медициналық комиссияның құрамы директордың бұйрығымен бекітіледі. Медициналық комиссия: «жарамды», «шартты түрде жарамды», «жарамсыз» деген қорытынды береді.

44. Шығармашылық емтихандар мен медициналық комиссия күнтізбелік жылдың 21-28 шілдесі аралығында өткізіледі.

45. Шығармашылық емтиханның, медициналық комиссияның нысаны мен өткізу тәртібін (күні, уақыты, өткізілетін орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және өтініш қабылдау кезінде оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі.

46. Шығармашылық емтихан өткізу үшін аудиторияға оқуға түсушінің жіберу талапкердің жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

47. Шығармашылық емтихан басталғанға дейін оқуға түсушілерге тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны көрсетіледі, апелляцияға өтініш беру рәсімі түсіндіріледі.

Шығармашылық емтихан өткізу кезінде:

1) мыналарға бағаланады: «2», «3», «4», «5»;

2) шығармашылық емтихан бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған, медициналық комиссия бойынша «жарамсыз» тұлғалар келесі емтиханға, конкурсқа жіберілмейді.

48. 1-ші шығармашылық емтиханнан дәлелді себептермен (науқастануы немесе құжатпен расталған өзге де мән-жайлар) өтпеген оқуға түсушілер іріктеуден өзге уақытта, бірақ медициналық комиссияны өткізу мерзімінің аяқталуынан кешіктірілмей өту мүмкіндігіне ие болады.

49. Қабылдау сынақтары үш кезеңнен тұрады:

- 4S02150701 «Балет әртісі» білім беру бағдарламасына:

- 1 кезең - 1-ші шығармашылық емтихан – сыртқы сахналық деректерді



анықтау (тұлға, дene пропорциясы, дененің жекелеген бөліктерін физикалық қосу); кәсіби деректерді тексеру (көтерілу, қадам, бұрылу, икемділік, секіру); музикалық диагностика (музикалық есту, ыргақ, есте сақтау қабілеттерін анықтау);

- 2 кезең – медициналық комиссия-қаңқа, бұлшық ет құрылымына, жүйке жүйесінің, жүректің, өкпенің, вестибулярлық аппараттың, есту, көру жағдайына, оның жасына және хореографиялық училищеге түсуге кедергі келтіретін аурулар тізбесіне (9-қосымша) сәйкес келіп түсетін бойы мен салмағының арақатынасына (8-қосымша) ерекше назар аударылады.

Қажет болған жағдайда клиникалық-зертханалық зерттеулердің нәтижелері қосымша талап етілуі мүмкін;

- 3 кезең-2-ші шығармашылық емтихан 1 және 2 кезеңнен өткендердің ішінен параметрлері бойынша сыртқы сахналық деректердің, кәсіби сапаларының неғұрлым жоғары көрсеткіштері және би үзіндісін орындау арқылы оқуға түсушінің көркемдік қабілеттерін айқындау: музикалылығы, бишілігі, үйлестірілуі, иілгіштігі, ыргағы, моторикасы, эмоциялық-бейнелі мәнерлілігі және т. б. жоғары көрсеткіштері бар үміткерлер таңдалады. т.

Дененің пропорциясын, қаңқа құрылымын, бұлшық еттерді, бой мен салмақтың арақатынасын анықтау үшін қабылдаушыны жеке қарау жүргізіледі.

Түсушілер іш киіммен қаралады. Қыздарда шаш ұқыпты және жоғары «байламға» жиналады. Би үзіндісін орындау үшін 2-ші шығармашылық емтиханға түсуші 2 минуттан аспайтын музикалық сүйемелдеуді USB флэш-дискісінде тек 1-ші аудиожазбамен, бөгде файлдарсыз ұсынады. Шығыс бағытынан басқа еркін тақырыпта дайындалған би костюмсіз орындалады.

1 және 3 кезең бойынша баға шығармашылық емтихандар критерийлері бойынша орташа балды шығару нұсқаулығына сәйкес есептеледі.

Әрбір кезең емтихан комиссиясының кестесіне сәйкес бірнеше лекте өткізіледі.

**- 4S02150702 «Би ансамблінің әртісі» білім беру бағдарламасына:**

- 1 кезең - 1-ші шығармашылық емтихан – сыртқы сахналық деректерді анықтау (тұлға, дene пропорциясы, дененің жекелеген бөліктерін физикалық қосу); кәсіби деректерді тексеру (көтерілу, қадам, бұрылу, икемділік, секіру); музикалық диагностика (музикалық есту, ыргақ, есте сақтау қабілеттерін анықтау);
- 2 кезең – медициналық комиссия-қаңқа, бұлшық ет құрылымына, жүйке жүйесінің, жүректің, өкпенің, вестибулярлық аппараттың, есту, көру жағдайына, оның жасына және хореографиялық училищеге түсуге кедергі келтіретін аурулар тізбесіне (9-қосымша) сәйкес келіп түсетін бойы мен салмағының арақатынасына (8-қосымша) ерекше назар аударылады. Қажет болған жағдайда клиникалық-зертханалық зерттеулердің нәтижелері қосымша талап етілуі мүмкін;



• 3 кезең – 2-ші шығармашылық емтихан 1 және 2 кезеңнен өткендердің ішінен 1-кезеңнің параметрлері бойынша сыртқы сахналық деректердің, кәсіби сапалардың неғұрлым жоғары көрсеткіштері, орындау арқылы түсушінің көркемдік қабілеттерін (музыкалығы, бишілігі, үйлестірілуі, икемділігі, ыргағы, моторикасы, эмоциялық-бейнелі мәнерлілігі және т. б.) айқындау бар үміткерлер тандалады классикалық би сабағы (экзерсис станокта, залдың ортасында, айналу) және би композициясын көрсету.

Дененің пропорциясын, қаңқа құрылымын, бұлшық еттерді, бой мен салмақтың арақатынасын анықтау үшін қабылдаушыны жеке қарau жүргізіледі.

Оқуға түсушілер каралады:

- қыздар - шашты ұқыпты және жоғары «байламға» жиналған, юбкасыз тығыз купальник, дene түстес колготкалар. 1-ші шығармашылық емтиханда балет аяқ киімсіз (жалаң аяқ), 2-ші шығармашылық емтиханда жұмсақ балет туфлиі;

- боз бала- денеге формалы майка, шұлықсыз қара түсті серпімді трико. 1-ші шығармашылық емтиханда балет аяқ киімсіз (жалаң аяқ), 2-ші шығармашылық емтиханда жұмсақ балет аяқ киімдері.

Би үзіндісін орындау үшін студент 2 минуттан аспайтын музыкалық сүйемелдеуді ұсынады. USB флэш-дискінде тек 1-ші аудиожазбамен, бөгде файлдарсыз. Шығыс бағытынан басқа еркін тақырыпта дайындалған би костюмсіз орындалады.

1 және 3 кезең бойынша баға шығармашылық емтихандар критерийлері бойынша орташа балды шығару нұсқаулығына сәйкес есептеледі.

Әрбір кезең емтихан комиссиясының кестесіне сәйкес бірнеше лекте откізіледі.

50. Шығармашылық емтиханның қорытындылары бағалау ведомосімен ресімделеді (10-қосымша). Шығармашылық емтихандарды өткізу кезеңінде аудио, бейнежазба (онлайн көрсетілімге шығарусыз) жүргізіледі, ол училище мұрағатында кемінде бір жыл сақталады.

51. Шығармашылық емтиханның, сондай-ақ медициналық комиссияның нәтижелері ақпараттық стендерде немесе училищенің ресми сайтында откізілетін күні жарияланады және орналастырылады.

52. Карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде қабылдау және/немесе емтихан комиссияларының жұмысын ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып Училище жүргізеді.

53. Оқуға түсу шығармашылық емтиханын қайта тапсыруға жол берілмейді.

54. Шығармашылық емтихандарды, медициналық комиссияны өткізу кезінде бөгде адамдардың қатысуына жол берілмейді.

	<p>«Александр Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі» РМҚҚ</p>	<p>СМС 4 денгейлі құжат</p>
	<p>Оқуға қабылдау ережесі</p>	<p>КП. АХУ – 2-2018</p>

55. Емтихан комиссиясы отырыстарының хаттамалары, ведомостары тиісті жылы оқуға түскен барлық адамдардың училищеде оқуын аяқтағанға дейін училищеде сақталады.

### **Апелляцияны беру және қарau қағидалары**

56. Шығармашылық емтихандардың нәтижелерін бағалау кезінде бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және даулы мәселелерді шешу мақсатында және оқуға түсушілердің құқықтарын қорғау үшін директордың бүйрекімен апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссия оның мүшелерінің тақ санынан тұрады. Апелляциялық комиссияның құрамы училище педагогтерінің қатарынан қалыптастырылады. Бір тестілеу пәні бойынша кемінде екі адам болуы тиіс. Апелляциялық комиссияның құрамынан оның мүшелерінің көпшілік дауысымен төраға сайланады. Хатшы апелляциялық комиссияның мүшесі болып табылмайды.

57. Емтихан нәтижелерімен келіспеген тұлға апелляцияға өтініш береді (11-қосымша). Апелляцияға өтініш апелляциялық комиссияға нәтижелер жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін беріледі және апелляциялық комиссия өтініш берілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің қатысуымен қарайды.

58. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа қатысып отырған комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда апелляциялық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және апелляциялық комиссияның барлық мүшелерінің қолдары қойылған хаттамалармен ресімделеді.

59. Караптандық шаралар, сондай-ақ мемлекеттік органдар енгізген өзге де шектеулер енгізілген жағдайда, өтінішті қабылдау нәтижелер жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін электрондық түрде: [talapker@seleznev.kz](mailto:talapker@seleznev.kz), поштасына қабылданады.

### **Қабылдау тәртібі**

60. Оқуға түсушілер шығармашылық емтихандар мен медициналық комиссия нәтижелерінің қорытындылары бойынша конкурсқа жіберіледі.

61. Оқуға түсушілер арасындағы конкурс күнтізбелік жылдың 29 шілдесі мен 2 тамызы аралығында өткізіледі.

62. Орташа конкурстық балл (бұдан әрі-ОКБ) шығармашылық емтихандардың бағалары үшін бағалар сомасының олардың жалпы санына шаққандағы орташа мәні ретінде айқындалады.



63. Бағалардың орташа балы үш пән: міндettі пән (қазақ тілі немесе орыс тілі) және мамандық бейіні бойынша екі пән (қажет болған жағдайда) бойынша бағалардан/балдардан және шығармашылық емтиханның бағаларынан/балдарынан қалыптастырылады.:

ОКБ = (ПБ1/ПБ1+КП1/КБ1+ КБ2/КП2+АЕ/ШЕ)/ПС/БС,

сонда ПБ1/МП1 – міндettі пән/пән үшін баға 1;

ББ2/КП2 – бірінші бейіндік пән/пән үшін баға 1;

КП2/КП2 – екінші бейіндік пән/пән үшін баға 2;

АЕ/ШЕ – арнайы және / немесе шығармашылық емтихан бағасы (екі арнайы және/немесе шығармашылық емтихан 2/Т 2 өткізген кезде);

БС – бағалау саны;

64. Орташа конкурстық балл тең болған кезде шығармашылық емтихандар бойынша жоғары баға (балл) алған білім туралы құжаттың орташа балы, сондай-ақ № 264 қаулыға сәйкес квота санаты ескеріледі.

65. Басқа елдің білім туралы құжаты бар адамдар үшін білім туралы құжатта міндettі пәндер болмаған кезде міндettі пәндердің тізбесін Училищенің қабылдау комиссиясы белгілейді.

66. Училище конкурстың қорытындысын күнтізбелік жылдың 5 тамызына дейін [www.seleznev.edu.kz](http://www.seleznev.edu.kz) сайтының «Училищеге қабылдау» бөлімінде жариялайды.

67. Білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау күнтізбелік жылдың 10 тамызы бойынша қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасы негізінде Училище директорының бұйрығымен жүргізіледі.

68. Қабылдау комиссиялары оқуға түсушілерді қабылдау нәтижелері туралы ақпаратты окудың күндізгі нысанына күнтізбелік жылдың 31 тамызы бойынша ақпараттық стенділерге немесе [www.seleznev.kz](http://www.seleznev.kz) сайтында «Училищеге қабылдау» бөлімінде орналастыру арқылы жеткізеді.

69. Мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен оқуға қабылдау үшін орындар саны «Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мәдениет, спорт және туризм саласындағы білім беру үйымдарында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын 2024-2025 оқу жылы бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің бұйрығына сәйкес айқындалады.

70. Мемлекеттік білім беру тапсырысының қаражаты есебінен қаржыландырылатын орындар санынан тыс Училище білім алушыларды қабылдауды заңды немесе жеке тұлғалардың оқыту құнын төлеумен және қабылдау қағидаларында айқындалған шарттармен шарттық негізде жүзеге асырады. Оқуға түсү құқығын біліктілік алуға қажетті тиісті қабілеттері, денсаулығы және дене бітімі бар азаматтар пайдаланады.

	<b>«Александр Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі» РМҚК</b>	<b>СМС 4 деңгейлі күжат</b>
	<b>Оқуға қабылдау ережесі</b>	<b>КП. АХУ – 2-2018</b>

71. Конкурстың шарттары білім алу құқықтарының сақталуына кепілдік беруге және неғұрлым қабілетті және кәсіптік білім берудің кәсіптік оку бағдарламасын менгеруге даярлығы бар азаматтарды қабылдауды қамтамасыз етуге тиіс.

72. оқуға қабылдау қабылдау комиссиясының жабық отырысында жүргізіледі және КР Мәдениет және спорт министрінің мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу туралы бұйрығы шыққаннан кейін 2024 жылғы 10 тамыздан кешіктірілмей хаттамамен ресімделеді. Қабылдау комиссиясының шешімі, егер отырыска оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, занды деп есептеледі. Қабылдау комиссиясының шешімі қатысуышылар санының көпшілік даусымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда қабылдау комиссиясы тәрағасының дауысы шешуші болып табылады. Хатшы қабылдау комиссиясының мүшесі болып табылмайды


Оқуға қабылдау туралы қабылдау комиссиясының шешімі Училище директорының бұйрығымен ресімделеді.

73. «Балет әртісі» біліктілігіне түсуші қабылданғаннан кейін оның ата-анасы (занды өкілдері) бұрын оқуға түсуші оқыған білім беру мекемесінен алынған жеке ісін училищеге ұсынады.

Ата-аналардың (занды өкілдердің) Училищеге келу талонын ұсынуы жеке істі алу үшін негіз болып табылады. Білім алушының жеке ісі училищеде 31 тамыздан кешіктірілмей ұсынылуы тиіс.

74. Училищеге қабылданған, бірақ 2024 жылғы 5 қыркүйекке дейін дәлелді себептерсіз сабакқа кіріспеген және кешігудің дәлелді себебін растайтын құжаттарды ұсынбаған тұлға білім алушылар тізімінен шығарылады. Олардың орнына ең көп балл саны бар резервтік тізімнен түсуші есепке алынады.


75. Оқуға қабылдау нәтижелері бойынша училище мен кәмелетке толмаған адамның оқуға қабылданатын тұлға (ата-анасы немесе занды өкілдері) арасында білім туралы шарт жасалады.



## 1 қосымша

### «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Көрсетілетін берушінің атауы	қызметті Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	1) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары; 2) «электрондық үкіметтің» веб-порталы: <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> (бұдан әрі-портал) арқылы жүзеге асырылады.  Орта буын және колданбалы бакалавр мамандарын даярлауды қөздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша түсетін көрсетілетін қызметті алушылар үшін көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап: 1) білікті жұмысшы кадрларды даярлауды қөздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша, арнайы окуяның сондай-ақ рухани (діни) білім беру ұйымдарына, қылмыстық – атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарына тұсу үшін күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 25 тамызы аралығында, окудың кешкі нысанына күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 25 маусымы аралығында; күнтізбелік жылдың 20 қыркүйегінде дейін; 2) орта буын мамандарын және колданбалы бакалаврларды даярлауды қөздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс бойынша күндізгі окуя нысанына – негізгі орта білім беру базасында күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 18 тамызы аралығында, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру базасында күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 тамызы аралығында; ақылы негізде-күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 25 тамызы аралығында, окудың кешкі және сырттай нысанына – күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында, шығармашылық дайындықты талаап ететін мамандықтар бойынша күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 шілдесі аралығында, педагогикалық, медициналық мамандықтар бойынша күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 15 тамызы аралығында; 3) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут; 4) қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут.
3	Срок оказания государственной услуги	Электрондық (ишінара автоматтандырылған) /қағаз түрінде
4	Көрсету нысаны	Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау туралы қолхат немесе Стандарттың 9-тармағында көрсетілген негіздерге сәйкес құжаттарды одан әрі қараудан дәлелді бас тарту және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес қолхат беру.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық колтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мерзімде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алуға жүгінбеген кезде, көрсетілетін



«Александр Селезнев атындағы Алматы хореографиялық  
училищесі» РМҚК


Окуга қабылдау ережесі

СМС 4  
денгейлі  
күжат

КП.  
АХУ – 2-2018

кызметті беруші көрсетілетін кызметті алушы алғанға дейін оларды  
қабылдау орны бойынша сактауды қамтамасыз етеді.

